


Қазақстан Республикасы
Түркістан облысы
Келес ауданы
«№ 1.О.Есімов жалпы білім беретін орта мектебі» КММ

Сөзмерген

Мемлекеттік тіл мәртебесін көтеруге байланысты
жоғары сыныптар арасында тіл сайысы.



Жазушы Бердібек Соқпақбаевтың туғанына 100 жыл

«Бердібек Соқпақбаев – балалар әдебиетінің атасы»

«Бір ел – бір кітап» республикалық акциясы

/Оқырмандар конференциясы/

СЦЕНАРИЙ

Абай ауылы

04.12.24ж

Уақыты:

Өткізілетін орны:

Пайдаланатын көрнекіліктер:

Қатысушылар:

Түрі: Оқырмандар конференциясы.

Мақсаты: Қазақ балалар әдебиетінің классигі Бердібек Соқпақбаевтың өмірімен шығармашылығын таныстыра отырып, оқушының кітап оқуға деген қызығушылығын дамыту. Ойлау қабілеттерін, көркем жеткізе білу дағдыларын дамыту. Елжандылыққа тәрбиелеу.

Жүргізуші: Кітап – адам баласының ақыл – ойынан туған байлықты сақтап, оны ұрпақтан – ұрпаққа жеткізіп отыратын, білім және тәрбие беретін құрал. Кітап – біздің ақылшымыз, сырласымыз, досымыз. Кітапты оқи білу, түсіну, есте сақтау қабілеттерін артырады. Ғасыр көші ілгері жылжып, тарих беттері қалыңдығымен адамзаттың кітапқа деген құрметі, пейіл – ықыласы ортаймаса керек. «Артық ғылым кітапта, ерінбей оқып көруге», - деген Абай атамыз «кітап» атты құдіреттің ғажайып күшін бойына жинап, өмірлік азық етпеп пе еді?! Бүгінгі күні теледидар, компьютер, интернет үлкен рольге ие болып отырған уақытта кітап оқудың сиреп бара жатқаны ащы да болса шындық. Сондықтан, кітапты насихаттаудың түрлі формалары мен әдістерін пайдаланып, оқырмандардың кітап оқуға қызығушылығын арттыру бағытында жұмыс жүргіземіз. Соның бірі – балалар әдебиетінің классигі Бердібек Соқпақбаевтың шығармашылығына арналған «Бердібек Соқпақбаев – балалар әдебиетінің атасы» атты оқырмандар конференциясы. Енді осы конференциямызды бастайық.

Аристотельден кейінгі екінші ұстаз, ғұлама, философ Әбу Насыр әл-Фарабидің туылғанына 1155 жыл

«Ұлттың ұлы кемеңгері»

/Парасаттылық сағаты/

СЦЕНАРИЙ

17.03.25ж

Абай ауылы

Мақсаты: Әл-Фарабидің философиясы мен ғылымы арқылы оқушылардың ақыл-ойын дамытып, шығармашылық және логикалық ойлау дағдыларын нығайту. Сонымен қатар оқушыларға кітапханамыздағы Әл-Фараби жайлы кітаптарды насихаттау.

Өтетін орны:

Уақыты:

Көрнекілік: Әл-Фарабидің портреті, нақыл сөздері, кітап көрмесі

Кітапханашы: Қайырлы күн! Құрметті оқырмандар, көрермендер! Аристотельден кейінгі екінші ұстаз, ғұлама, философ Әбу Насыр әл-Фарабидің туылғанына 1155 жыл толуына орай «Ұлттың ұлы кемеңгері» атты парасаттылық сағатымызға қош келдіңіздер.

Фарабтан шыққан Әбу Насыр

Әлем оны "Әбу-Насыр әл-Фараби" деп таниды. Бірақ азан шақырып қойған аты – Мұхаммед. Әкесінің есімі де сондай болған. Атасының аты – Тархан, бабасы – Ұзлақ. Сол кезде "тархан" деген әскери атақ та болды. Ал ғұламаның толық аты-жөні - Әбу-Насыр Мұхаммед Иби Мұхаммед ибн Ұзлақ ибн Тархан Әл-Фараби.

Ұлы ойшылдың балалық және жастық шағына қатысты деректер жоқ. Дегенмен, 870 жылы Арыс өзенінің Сырдарияға құятын сағасындағы Фараб қаласында (қазіргі Түркістан облысындағы Отырар қаласының маңайында болған ортағасырлық қала) дүниеге келгені белгілі. Отырарды арабтар "Барба-Фараб" (мағынасы - "казыналы қала", "бай қала", "көркем қала") деп атаған. Сол себепті ол Әбу Насыр әл-Фараби, яғни, "Фарабтан шыққан Әбу Насыр" атанып кеткен. Ал "Әбу Насыр" деген атауға қатысты бірнеше жорамал бар. Ғалымдардың пайымдауынша, Әбу Насыр "Насырдың әкесі" дегенді білдіреді, яғни әл-Фарабидің Насыр деген ұлы болған. Тағы бір жорамалға сәйкес, бұл – арабтардың ерекше құрмет белгісі. Шығыста ұстазды немесе қадірлі адамды өз атымен атамайтын дәстүр болды. Сол

Түркістан облысы Келес ауданы

**«№1.О.Есімов атындағы жалпы білім беретін
мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесі»**

«Үздік оқырман- 2025»

Дайындаған : Қамбарова М, Урунбаева Б

2024-2025 оқу жылы